



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР

Тамыз **2021**

Тамыз айында тұтынушылар бағалары 0,5%-ға өсті, жылдық инфляция жеделдеуін жалғастырды және 8,7%-ды құрады. Инфляцияның барлық компоненттері бағаның өсуінің жеделдеуін көрсетті, инфляцияға негізгі үлес азық-түлік тауарлары қамтамасыз етеді. Тамыз айында оқу орындарының дәстүрлі оқыту форматына оралуы аясында тауарлар мен қызметтерге сұраныстың өсуіне және қосымша инфляциялық қысымға әкелді

Тамыз айында айлық инфляция 0,5%-ды құрады, бұл 2008 жылдан бастап осы ай үшін бағаның ең жоғары көрсеткіші болды. Көкөніс өнімдері бағасының маусымдық төмендеуі оқушылар мен студенттерге бағытталған тауарлар мен қызметтерге сұраныстың өсуімен теңестірілді. Эпидемиологиялық жағдайдың нашарлауы жеткізу тізбегіндегі әсер етуді жалғастыруда.

Инфляцияның жылдық деңгейі 8,7%-ға дейін өсті. Негізгі үлес ағымдағы жылдың сегіз айында жинақталған өсім 7,5%-ды құраған азық-түлік тауарлары тарапынан қамтамасыз етіледі.


Азық-түлік тауарлары бағасының жылдық өсу қарқыны 2021 жылғы шілдедегі 11% - дан 2021 жылғы тамызда 11,4%-ға дейін жеделдеді. Жеміс-көкөніс өнімдеріне бағаның төмендеуі қалған азық-түлік өнімдеріне бағаның өсуімен теңестірілді, нәтижесінде тамыздың тарихи дефляциялық динамикасына әкелген жоқ. Тұтыну қоржынында ең көп үлесті алатын еттің барлық түрлеріне бағаның өсуі жеделдетуге айтарлықтай әсер етті. Атап айтқанда, құс етінің айтарлықтай қымбаттауы байқалды. Сонымен қатар, әлемдік азық-түлік нарықтарында бағаның өсуі қайта басталуымен қоса, ішкі өндірушілер бағасының өсуі аясында өсімдік майының қымбаттауы жалғасты. Сондай-ақ, астықтың ішкі өнімі бойынша күтулердің нашарлауы теріс әсер етеді. Бұл нан-тоқаш өнімдері мен жарма бағасының өсуінің баяулауы трендінің өзгеруіне әсер етуі мүмкін.

1-график. Азық-түлік инфляциясы



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

2-график. Азық-түлік инфляциясы



Азық-түлік емес жылдық инфляция тамызда 7,3%-ға дейін (2021 жылғы шілдеде-7,2%) жеделдеді. Бағаның негізгі өсуі киім мен аяқ киімге, үйде пайдалануға арналған тауарларға, сондай-ақ құрылыс материалдарына байланысты болды. Бұл ретте киім және


аяқ киім құрылымында бағаның негізгі өсуі балалар киіміне (2,2%, м/м) және балалар аяқ киіміне (2,0%, м/м) келді, бұдан басқа офлайн оқытуға оралудан сұраныстың артуы нәтижесінде кеңсе тауарларына, рюкзактар мен оқуға арналған басқа да тауарларға бағалардың өсуі байқалды.

Негізінен импорттық тауарлар бола тұра, тұрғын үйді жөндеуге арналған құрылыс материалдарға бағаның өсуі жалғасты. Мәселен, соңғы жылы импорттық құрылыс өнімдеріне бағаның өсуі 10%-дан 22%-ға дейін болды. Дизель отынының қымбаттауы қосымша үлес қосты.


2021 жылғы тамызда ақылы қызметтер бағасының жылдық өсуі негізінен негізгі жоғары оқу орындары орналасқан қалаларда тұрғын үйді жалдау қызметтеріне бағаның өсуі нәтижесінде 6,6%-ға дейін (2021 жылғы шілдеде – 6,1%) жеделдеді.

Бұдан басқа, шілде айында газға көтерме шекті бағаның көтерілуінен кейін газбен жабдықтау қызметтері жылдық мәнде 5,9%-ға дейін жеделдеді.

3-график. Азық-түлік емес инфляция



4-график. Ақылы қызметтер инфляциясы



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ


Шығындар тарапынан бағаларға қысым жоғары деңгейде сақталуда, өндірушілердің тұтыну тауарларына бағасының өсуі 2019 жылдың аяғынан бастап жалғасуда

Соңғы айларда (шілде-тамыз) ішкі нарықта шығарылатын өнімге өңдеуші саладағы өндірушілер бағасының өсуі біршама баяулады, алайда жоғары мәндерде (19,2%, ж/ж) сақталуда.

Сонымен қатар, тұтыну тауарларына деген жоғары тренд, атап айтқанда, тамақ өнімдері мен мұнай өңдеу өнімдерінің қымбаттауына байланысты қайта жалғасты. Азық-түлік өнімдерінің өндірісі жылдық мәнде 14,4%-ға қымбаттады, тамызда бағалар ет-сүт, ұн, жарма мен макарон өнімдеріне өсуді жалғастырды. Бұған ел ішінде де, шетелде де сатып алынатын шикізат пен ресурстарға, сондай-ақ өндіріс құралдарына бағаның тұрақты өсуі қолдау көрсетеді.

Ауыл шаруашылығы өнімі тамыз айында 0,7%-ға, жылдық мәнде 14,2%-ға қымбаттады. Атап айтқанда, мал шаруашылығы өнімдерінен құс еті мен жұмыртқа бағасының өсуі жалғасты. Өсімдік шаруашылығы өнімдерінен тамыз айында күріш пен бидайдың қымбаттауы тіркелді.

5-график. Ауыл шаруашылығы бағалары



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

6-график. Өнеркәсіп бағалары

